

## 2007 жылы Қазақстан Республикасында республикалық және ресми халықаралық жарыстар өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 24 сәуірдегі N 104-ө Өкімі

1. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің 2007 жылы Қазақстан Республикасының аумағында республикалық және ресми халықаралық жарыстар өткізу туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қоса беріліп отырған:

1) 2007 жылы Қазақстан Республикасында өткізілетін республикалық және ресми халықаралық жарыстардың тізбесі;

2) 2007 жылы Қазақстан Республикасында республикалық және ресми халықаралық жарыстарды дайындау мен өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі, облыстардың және Астана, Алматы қалаларының әкімдері спорт түрлері бойынша тиісті федерациялармен келісім бойынша республикалық және ресми халықаралық жарыстарды (бұдан әрі - жарыстар) дайындауды және өткізуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі жарыстардың өткізілу барысын бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жария етуді қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі республика қалаларында қоғамдық тәртіптің сақталуын, ресми тұлғалар мен жарыстарға қатысушылар тұратын және жарыстар өтетін жерлерде олардың қауіпсіздігін, жарыстарға қатысушы шетелдік азаматтардың қонақ үйлерде тіркелуін қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі жарыстарға қатысушыларға медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз етуде жәрдем көрсетсін.

7. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі жарыстарға қатысушылардың темір жол және әуе көлігімен жүруі үшін орындардың брондалуын қамтамасыз етуде ұйымдастырушы ұсынған жарысқа қатысушылардың шығу кестесіне сәйкес жәрдем көрсетсін.

8. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің шақыруы бойынша Қазақстан Республикасына жіберілетін жарыстарға қатысушы шетелдік азаматтарға визалық қолдау көрсетсін және визалар беруді жүргізсін.

9. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігіне жүктелсін.

бекітілген

**2007 жылы Қазақстан Республикасында өткізілетін  
республикалық және ресми халықаралық жарыстардың тізбесі**

P/c N	Ис-шаралар- дың атауы	Өткізілу мерзімі	Өткізу орны	Өткізілуі жауаптылар үшін
1	2	3	4	5
1.	Спорттық биден әлемдік жіктеменің IDSF OPEN "Астана - 2007" бесінші мерекелік турнирі	8-9 маусым	Астана қаласы	Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі, Қазақстан Республикасы спорттық би федерациясы, Астана қаласының әкімдігі
2.	Қазақстан Республикасының екінші жазғы Спартакиадасы	24 маусым -8 шілде	Алматы қаласы	Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі, облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдіктері
3.	Қол добынан жасөспірімдер (қыздар) арасындағы 9 - Азия чемпионаты	1-7 шілде	Алматы қаласы	Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі, Алматы қаласының әкімдігі, Қазақстан Республикасы кол добы федерациясы
4.	Семсерлесуден жасөспірімдер мен кадеттер арасындағы Азия чемпионаты	1-9 шілде	Алматы қаласы	Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі, Алматы қаласының әкімдігі, Қазақстан Республикасы семсерлесу федерациясы
5.	Триатлоннан "Бурабай - 2007" Азия кубогы	12-15 шілде	Бурабай кенті Ақмола облысы	Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі, Ақмола облысының әкімдігі, Қазақстан Республикасы триатлон федерациясы
6.	Қ а з а қ күресінен	13-15 шілде	Сәтпаев қаласы	Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі, Қарағанды облы-

	Азия чемпио- наты		Қарағанды облысы	сының әкімдігі, дүниежү- зілік қазақ күресі федерациясы
7.	Қазақстан Республика- сының пара- лимпиялық ойындары	21-24 шілде	Талдықор- ғ а н қаласы, Алматы облысы	Қазақстан Республикасы Туризм және спорт минис- трлігі, облыстардың, Астана, Алматы қалала- рының әкімдіктері, Қазақстан Республикасы паралимпиялық комитеті
8.	Қол добынан әйелдер арасындағы Азия чемпио- наты	25-31 тамыз	Алматы қаласы	Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі, Алматы қаласының әкімдігі, Қазақстан Республикасы қол добы федерациясы
9.	Волейболдан Қазақстан Республика- с ы н ы ң Президенті Н.Ә.Назарба- евтың кубо- гына арнал- ған халық- аралық турнир	23-31 тамыз	Астана қаласы	Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі, Астана қаласының әкімдігі, Қазақстан Республикасы волейбол федерациясы
10	Самбодан Н.Ә.Назарба- евтың жүлде- сіне арнал- ған элем кубогы	7 - 9 қыркүйек	Астана қаласы	Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі, Астана қаласының әкімдігі, Қазақстан Республикасы самбо федерациясы
11	Гольфтен "Kazakhstan Open" халық- аралық турнирі	20 - 23 қыркүйек	Алматы қаласы	Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі, Алматы қаласының әкімдігі, Қазақстан Республикасы гольф федерациясы
12	Керлингтен Н.Ә.Назарба- евтың IV Еуразиялық ашық кубогы	қазан	Алматы қаласы	Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі, Алматы қаласының әкімдігі, Қазақстан Республикасы керлинг қауымдастығы

**Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің**

2007 жылғы 24 сәуірдегі

№ 104-ө өкімімен

бекітілген

**2007 жылы Қазақстан Республикасында республикалық және ресми халықаралық жарыстарды дайындау мен өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы**

- Досмұхамбетов - Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрі, төраға
- Темірхан Мыңайдарұлы және спорт министрі, төраға
- Құлназаров - Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт комитетінің төрағасы, төрағаның орынбасары
- Анатолий Қожекенұлы
- Әбдірахманов - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары
- Қайрат Құдайбергелұлы
- Бабақұмаров - Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат вице-министрі
- Ержан Жалбақұлы және ақпарат вице-министрі
- Қасымов - Қазақстан Республикасының Ішкі істер вице-министрі
- Қалмұханбет Нұрмұханбетұлы
- Құсайынов - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация вице-министрі
- Әбілғазы Қалиақпарұлы
- Белоног - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің төрағасы, Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігері
- Анатолий Александрович
- Есенбаев - Ақмола облысының әкімі
- Мәжит Төлеубекұлы
- Кәрібжанов - Шығыс Қазақстан облысының әкімі
- Жәнібек Сәлімұлы
- Кулагин - Қостанай облысының әкімі, Қазақстан Республикасы Триатлон федерациясының құрметті президенті
- Сергей Витальевич
- Мамин - Астана қаласының әкімі
- Асқар Ұзақбайұлы
- Нығматулин - Қарағанды облысының әкімі
- Нұрлан Зайроллаұлы
- Тасмағамбетов - Алматы қаласының әкімі
- Иманғали Нұрғалиұлы

Атамқұлов - "Қазақстан темір жолы" акционерлік  
Ерлан Дүмшебайұлы қоғамының президенті  
Досымбетов - Қазақстан Республикасы Ұлттық  
Тимур Камалұлы олимпиада комитетінің президенті,  
Қазақстан Республикасының қазіргі  
көпсайыс және биатлон одағының  
президенті  
Захарин - "Балуан Шолақ атындағы спорт және  
Юрий Кузьмич мәдениет сарайы" коммуналдық  
мемлекеттік кәсіпорнының директоры

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК